Әділет

# Қазақстан Республикасында қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды бекіту жөнінде

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасында Ұлттық банкі басқармасының Қаулысы 1998 жылғы 19 маусым N 119 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 27 шілде N 557 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 1 қарашадағы № 88 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.11.01 № 88 Қаулысымен.

Қолданылып жүрген валюта заңдарын "Қазақстан Республикасының банк қызметінің мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 25 шілдедегі N 295 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаментті (Өртембаев А.Қ.):

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы қаулыны және Қазақстан Республикасында қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды тіркесін;

2) осы қаулыны және Қазақстан Республикасында қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеген күннен бастап екі апта мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (аумақтық) басқармаларына (филиалдарына) және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.З. Нәлібаевқа жүктелсін.

Ұлттық Банк Төрағасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 25 шілдедегі N 295 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы ережеге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасында қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы ереже Нұсқаулық болып аталсын.

2. Кіріспедегі "Осы Ереже" деген сөздер "Осы Нұсқаулық" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Нұсқаулықтың мәтіндегі:

1) "I, II, III, IV, V, VI, VII, VIII, IX" рим сандары "1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9," араб сандарымен ауыстырылсын;

2) "Осы Ереженің", "осы Ережеде", "осы Ережеге" деген сөздер тиісінше " Осы Нұсқаулықтың", "осы Нұсқаулықта", "осы Нұсқаулыққа"" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) "облыстық (аумақтық) басқармасы", "облыстық (аумақтық) басқармасында ", "облыстық (аумақтық) басқармасына", "облыстық (аумақтық) басқармасынан", "облыстық (аумақтық) басқармасының", "облыстық (аумақтық) басқармалары" деген сөздер "филиалы", "филиалында", "филиалына", "филиалынан", " филиалының", "филиалдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4. 1.1-тармақтың:

екінші азатжолындағы "жүргізуге" деген сөз "ұйымдастыруға" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операциялары - қолма-қол шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау бойынша операциялар".

5. Қазақша мәтіні өзгермейді.

6. 2.6-тармақтың бесінші азатжолы мынадай мазмұндағы азатжолдармен ауыстырылсын:

"- айырбастау пунктінің күзет және өрт дабылдары құралдарын пайдалануға қабылдап алу актісі;

- айырбастау пунктін күзетуді тиісті қарулы күзет қызметі жүзеге асыратын болса, айырбастау пунктін күзету шартымен қоса Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің осы қызмет түрін жүзеге асыруға берген лицензиясының көшірмесі;

- күзетті уәкілетті банктің өзінің қауіпсіздік қызметі жүзеге асыратын болса, айырбастау пунктін күзету уәкілетті банктің өзінің қауіпсіздік қызметіне жүктелуіне байланысты бұйрықтың көшірмесі, оны күзету үшін тағайындалған уәкілетті банктің құрылымдық бөлімшесі туралы ереже;

- айырбастау пунктінде қарулы күзет болмаса, айырбастау пунктінің

қауіп-қатер дабылы құралдарын пайдалануға қабылдау актісі."

7. 2.9-тармақтағы "Айырбастау операцияларын жүргізуге" деген сөздер "Шет ел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

8. 3.1-тармақтағы:

- "қоры" деген сөз "капиталы" деген сөзбен ауыстырылсын;

- мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Өндірістік кооператив түріндегі уәкілетті ұйым құруға болмайды".

9. 3.7-тармақтың:

- бесінші азатжолындағы "қорға" деген сөз "капиталға" деген сөзбен ауыстырылсын;

- жетінші азатжолы алынып тасталсын;

- тоғызыншы азатжолы мынадай азатжолдармен ауыстырылсын:

"- айырбастау пунктінің күзет және өрт дабылдары құралдарын пайдалануға қабылдап алу актісі;

- айырбастау пунктін күзетуді тиісті қарулы күзет қызметі жүзеге асыратын болса, айырбастау пуктін күзету шартына қоса Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің осы қызмет түрін жүзеге асыруға берген лицензиясының көшірмесі не, айырбастау пунктінің қауіп-қатер дабылы құралдарын пайдалануға қабылдап алу актісі."

10. 3.13-тармақтың бесінші азатжолындағы "қорға" деген сөз "капиталға" деген сөзбен ауыстырылсын;

11. 3.16-тармақтағы "облыстық басқармасында" деген сөз "филиалында" деген сөзбен ауыстырылсын;

12. 3.17-тармақтың төртінші азатжолы мынадай азатжолдармен толықтырылсын:

"- айырбастау пунктінің күзет және өрт дабылдарын пайдалануға қабылдап алу актісі;

- айырбастау пунктін күзетуді тиісті қарулы күзет қызметі жүзеге асыратын болса, айырбастау пунктін күзету шартымен қоса Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің осы қызмет түрін жүзеге асыруға берген лицензиясының көшірмесі не айырбастау пунктінің қауіп-қатер дабылы құралдарын пайдалануға қабылдап алу актісі."

13. 4.2 және 4.3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4.2. Уәкілетті ұйымдар немесе уәкілетті банктер жалға алған немесе орналасқан жеке тұрған ғимараттың, тұрғын үйге жатпайтын кіретін есігі жеке үйдің немесе тұрғын үйдегі пәтердің, терезесінде металл торы бар және есігі металдан жасалған болуы тиіс. Клиенттерге тек қана касса терезесі (терезелері) арқылы қызмет көрсетіледі.

4.3. Айырбастау пунктінің тұрған орнына қарамастан онда міндетті түрде күзет және өрт дабылы құралдарының, сондай-ақ қызметтің осы түрін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің немесе уәкілетті банктің өзінің қауіпсіздік қызметінің лицензиясы бар қауіп-қатер дабылы немесе қарулы күзет қызметі болуы тиіс."

14. 4.4-тармақтағы "ақша қаражаты" деген сөздер "ақшаны" деген сөзбен ауыстырылсын;

15. 4.6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4.6. Айырбастау пунктінің тұрған жеріне қарамастан уәкілетті банктердің айырбастау пункттері, сондай-ақ уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізген кезде салық органдарында тіркелген фискальды жадылы бақылау-касса аппаратын немесе фискальды картамен жабдықталған компьютерлерді пайдалануға міндетті."

16. 4.8-тармақ мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінде тек қана айырбастау операцияларын жүргізуге рұқсат етіледі".

17. 5.1-тармақтың екінші азатжолындағы "жұмыс күні" деген сөздер "айырбастау пунктінің жұмыс уақыты" деген сөздермен ауыстырылсын.

18. 5.8-тармақтың:

- бірінші азатжолындағы "сол күні" деген сөздер "операция жүргізген кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

- екінші азатжолдағы "ақша қаражатының" деген сөздер "ақша" деген сөзбен ауыстырылсын.

19. 5.9-тармақ алынып тасталсын.

20. 5.11-тармақтағы "чекке немесе" деген сөздер алынып тасталсын.

21. 6.2-тармақтағы "және түсім мөлшері" деген сөздер алынып тасталсын.

22. 7.1-тармақтың екінші азатжолындағы "сатып алуды" деген сөздер "төлеуді" деген сөздермен ауыстырылсын.

23. 8.2-тармақтың бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінің қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу тәртібін бұзуы анықталған кезде Ұлттық Банк пен оның филиалдары:".

24. N 1, N 2, N 3, N 4 қосымшалардағы "облыстық (аумақтық) басқармасының" деген сөздер "филиалының" деген сөзбен ауыстырылсын, N 3 қосымшадағы "басқарма" деген сөз "филиал" деген сөзбен ауыстырылсын, N 4 қосымшадағы "басқарманың" деген сөз "филиалының" деген сөзбен ауыстырылсын.

Ұлттық Банк

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК